

Мұхаметұлы С.,  
Әмірғалиқызы Ш.  
**Ақиқат айлағы – афоризмдер  
(Ақын афоризмдері  
айналасындағы аңғарым)**

Muhametuly S.,  
Amirgalikyzy Sh.  
**The originality of aphorisms**

Мухаметулы С.,  
Амиргалиқызы Ш.  
**Своеобразие афоризмов**

Мақалада қазақ афоризмдерінің жай-күйі ақын Қадыр Мырза әлінің афоризмдерімен салыстыра зерттеген. Ақын афоризмдерінің сыр, сипаты, идеялық және көркемдік кестелері синтаксистік сипаттары жан-жақты қамтылып бағаланады.

**Түйін сөздер:** афоризм, ақын афоризмдері, көркемдік кестелері.

---

The article was a comparison and analysis of the situation with the kazakh aphorisms and aphorisms akyn Kadir Ali Mirza's. Has been studied extensively and the evaluation of the structure, ideological and artistic singularity aphorisms bard.

**Key words:** aphorism, aphorisms bard, bard originality.

---

В статье было дано сравнение и анализ положения казахских афоризмов с афоризмами акына Кадыр Мырза Али. Всесторонне была изучена и дана оценка строения, идейно-художественного своеобразие афоризмов акына.

**Ключевые слова:** афоризм, афоризмы акына, своеобразие акына.

**АҚИҚАТ АЙЛАҒЫ –  
АФОРИЗМДЕР  
(Ақын афоризмдері  
айналасындағы  
аңғарым)**

Афоризмдер – айтыла-айтыла айналасын ажарландырып, ажарлы адамдардың арқауына айналған, атап айтқанда ақылдың ажары – афоризм, адамның ажары – ақыл, ақылды – адамнан, адамнан ажарды ажырата алмаймыз.

Ал афоризмдердің арғы тегі – ауыздан-ауызға тарап, келе-келе әдебиеттің бір бұтағына баланады, он жетінші ғасырдан орнын тауып, тұрақты қоныстап қалған, арғы атасы – ақыл, бергі бұтағы – ордалы ой, ой болғанда да, қанатты қиял мен оқыс ойдың жұптасуынан жаратылады, әйтпесе ел есінде сақталып, мезгіл межесінен өтпес еді ғой. Сонымен қатар әр ғасырдың бағыт, бағдары мен бітім болмысы, байқалмаған, білінбеген жағдайда ғана өміршеңдік өрісі ашылады. Асан қайғының «Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады» дегені өз алдына, ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады тұжырымына тоқталсақ, афоризмдерде ащы мысқыл мен айдынды ақыл қатар қанат қағып, болашаққа бірге беттейді. Абыз, жыраулардың жадымызда жатталған жолдарына Абай афоризмдері қосылып көріктене түседі. Абай афоризмдерін арнайы зерттеуші Құлмат өмірәлиев: «Афоризм – бірінші кезекте дидактикалық поэзияның жемісі» депті. Әлбетте Абай «Шортанбай, Дулат пен Бұхар жыраулардың» жырымен жанарын ашып, өзінше өрнек, өзгеше өлшем тапты. Сол сияқты ақын Қадыр Мырза әлі де бір өлеңінде «Мен Абайдың інісімін жырдағы екеуміздің арамызда бала жоқ» деп андаусыз айтып қалады. Жиырмасыншы ғасырдың жуан ортасы қазақ поэзиясының керімсал кезеңі болатын, ана тіліндегі басылымдар жаппай жанданып, өлең оқушылар қатары қалыңдап, мектеп, қабырғаларында :

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың бор тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тілінді құрметте, –

деген жолдары ілулі тұрды, мектепішілік мерекелерде оқушылар жамыраса жатқа соғатын, жатқа соққаны өз алдына, жадыңда сақтайтын, жалғыз шумақтың шуағы әлі күнге дейін жан-дүниенді жылытып, ойыңды оятады, қаныңды қыздырады. Алдымен «ана тілін ар» деп, іле-шала «ұят» деп ұғынамыз, оны-

мен қоймай ақын ұятың боп тұр бетте, ал ақылды болу үшін де, ғалым болу үшін де, турашыл болу үшін де, яғни мінезді болу үшін де ар керек, болмаса Абайдың өзі «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» демес еді ғой. Ар, ұят бір-бірінен бір елі ажырамайды, тәлім де, тәрбие де, рух та, жігер де бар, бәрінен бұрын, өлеңнің өлшемі де оқушының тіліне оралымды, жеті буынды өлең, кезекті ұйқасқа құрылған, себебі кезекті ұйқас оқушының жадында тоқуға ыңғайлы, сонымен бірге әдегеннен ақ боз аттай ойқастап шығатын алғашқы тармақтың өзі оқырман санасын селт еткізіп, жалт қаратады. Төрт жолдың түгелдей оқырман ойына көшуі де ақынның халықтың ойын оқуға қарым-қабілеті ерекше екендігін байқатады. Олай болса Қадыр халықтан көп үйренген ақын, бір кездері Л.Толстойдың өзі «Біз бәріміз халықтан үйренеміз» деген болатын. Бір шумақтың шырайын шығарып тұрған да халықтық тіл, түсінікті тіл, бір шумақтың бойында «тіл» сөзінің бірнеше қайталануы, былайша айтқанда төрт аяғын тең басуға, төрт құбыласының түгел болуына, балалардың тез жаттап алуына жол ашады. Ар, ұят атаулының көш бастауы да адам баласының бойында барлығынан болар «ұят дегеніміз қарақұрым куәгерлер» деп ежелгі Рим ойшылы Квинтилиан айтқандай, ар мен ұят біреу емес, қаптаған қалың қол, солай болған соң, қаптаған қалың қолдан кім қаймықпайды, ар, ұят дегенде ақын бір адамның ар-ұятын емес, бүтін бір ұлттың, жұрттың ар ұяты туралы толғанып, ана тілі мен ар, ұятты бір қатарға қою арқылы ұрпаққа ұлағат айтып, жөн сілтейді.

Болмаса «балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды», «ұлының тілін кессең де, ұлттың тілін кесе алмайсың», «адам алласына ана тілінде жалбарынады», «дінсіз адам – кәпір, тілсіз адам – пақыр», болмаса «қазақ тілінің ұлылығы сонда: «Бұл тілде кейбір қазақтардың өздері де сөйлей алмайды» т.с.с.

Иә, «ұлының тілін кессең де, ұлттың тілін кесе алмайсың», әлбетте, ұл – біреу, жалғыз, ұлт – көп, халық, сондықтан да ұлттың тілін кім кесе алады. Шартты райдың -са -се жұрнағын пайымды пайдалану арқылы ақын толғамды тұжырым жасайды «қыран болып қонбасаң қияға бір, батқан күндей қызарып ұяңа кір» т.с.с. тұңғыш тармақта белгілі бір шарт қойылады да, келесі тармақта кесімі кесіледі, «үкімі үнделеді, шешімі шығарылады, бағыты баяндалады». «Балық тілсіз болса да, ұлының тілін кессең де, аузың қисық болса да, тілің түзу болсын т.с.с. болса да, кессең де етістіктерінің ақын афоризмдерін-

де жиі-жиі қолданылуы – бір жағынана халық ұғымымен үндесіп жатса, екінші жағынан бабалар бәтуасымен, Абай әлемімен астарласады, Абайдың: «сиырша тойса мас болып, өреге келіп сүйкенер», «аспаса ақыл қайраттан, тереңге бармас үстірттер», «көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің, өзінді-өзің күзет, кел, шырағым», көрдіңіз бе «сиырша тойса, аспаса ақыл, көптің аузын күзетсең» шартты райдың -са, -се жұрнағы арқылы шарт қойылады да, келесі тармақтарда қойылған шарттың қорытындысы шығарылады. Яғни шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің атқаратын қызметін орнымен, оңтайлы пайдалану – халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де үрдіс алған, бәрін былай қойғанда Асан қайғының «су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады» деген жолдарының өзі де айқын айғақ. Себеп пен салдар, шарт пен шешімнің бағытын біліп қана қоймай, бағыттай білу – бабалар болмысымен біте қайнасқан кәнігі қасиет қана емес, өміршең өнер «беріп кет, сақинаңды мыс та болса, жүрейін өлең айтып қыста болса» деген халық әніндегі мәтін мағынасын түсіндіріп жатудың өзі артық, себебі ақиқатты анықтау үшін де алдымен шарт қойылады, себеп-салдары ашылады, Аристотельше айтсақ: «өнердің мақсаты – ақиқатты тану» ал ақиқатты тану, таныту да афоризмдердің тумысы мен табиғатында жатыр, әрі-беріден кейін өмірдің өзі – толып тұрған шарттылық. Әлбетте шартты райдың -са, -се жұрнағы барлық мәселені қолма-қол шешіп бере алмайтыны әмбеге аян. Абайдың да, Асан қайғының да, Қадырдың да атын айғақтайтын сүбелі сөз, соны сөз, сиқырлы сөз, яғни сөздердің сыйластығы, бір сөздің бір сөзге сәулесін түсіруі, көкірек көзіндегі сәуленің сөз сәулесімен саптасуы, басқа сөз орнын алмастыра алмайтын саяқ сөз табу қиынның қиыны, Тургеневтің өзіне ота жасаған кезде, соны жеткізетін жартымды сөз таба алмай, «менің көкірегімді қақ айырып, тәнімді тіліп жатқан болаттың болмысын бере алатын бір ауыз сөз таба алмай қиналғаным-ай» деп жазыпты. Альфонс Додеге «сөзі дұрыстың, өзі дұрыс» депті Қадыр ақын бір афоризмінде, болмаса тағы бірде «бір сөз – аздау, бір сөз – көптеу» деуі де соған сияды. Ақынның «Ең алдымен – ел қамы» деп аталатын афоризмдер кітабының беташары да – ел, өйткені ақынның өзі бір афоризмде: «Ақынның сырласы да – ел, мұңдасы да – ел» депті «болмаса, ұлт – ұлы атақ» немесе «қазақ боп туғаныңа өкінбе, қазақ боп жарыта алмағаныңа өкін».

Иә, осы жерде Шарль де Голльдің «саясатта өзінің еліңді немесе сайлаушыларыңды сатуға

тура келеді. Мен екіншісін еншіледім деуінде де көрегендік көзге түседі, себебі, ел – біреу, сайлаушылар – сан-сапалық, ал «қазақ боп жарыта алмағаныңа өкін» деуінде де Абайдың әйгілі қара сөздерімен сабақтастық байқалады, сабақтастық болғанда да сана сабақтастығы. Әлбеттегідей ақыл-ой орамдарының ортақтығы, бір кездері Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп көкірегінің қарс айырылуы да беркерден беркер емес қой. Болмаса, «мал желден ығады, тентек елден ығады» немесе «қай жердің талқанын жесен, сол жердің қалпағын киесін», «отаны жоқ жігіттен, қотаны бар қой артық». «Рухың бір болмаса, рудың бірлігі түк емес», «рудың тамыры бір, ұлттың тәңірі бір», «ұлт – дінгек, ру – бұтақ». Ал енді «мал-желден ығады, тентек елден ығады» деген афоризмді мал бақпаған елдің ақыны жаза алар ма еді, әрине жаза алмас еді. Бір кездері Қадыр «Азандағы мал үні – атамыздың гимні» деп те айтқан еді. Ал ру мен ұлт туралы афоризмдерінің өзінде рудан ұлт түзілетіні, ру – қазақ ұлтының түп-тамыры екендігі ескертіліп, еске салынып отырады, базғы біреулер сықылды түп-тамырыңа балта шапқаннан гөрі, «ру – бір әнін, ұлт – ұраның» деп жарыса шапқан жөн емес пе?! «өнер – өзара сөйлесу, сөйлеуші біреу, тыңдаушы көп» деп Григорий Ландау айтпақшы, ру көп те, ұлт біреу, ақынның өзі де «ру – бір әнің деп» мүлтіксіз мойындайды немесе аспан – бұлтсыз, адам – ұлтсыз болмайды» афоризмі де ру мен ұлт туралы ұғымдардың аражігін ашып қана тұрған жоқ, ұлтты ұлықтап тастөбесіне көтереді. Ақын афоризмдеріндегі ұлттық ерекшелікте қазақ ұлтының үлгі, ұстанымынан, тәлім-тәрбиесінен, көрген-білгенінен туындап жатады, ақынның ел арасына кеңінен тараған «Қазақ осы» өлеңіндегі:

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп жасап жатыр анық той.  
Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы міне танып қой.

«Нағыз қазақтың» ұстанымы мен ұраны қандай сонда?! Иә бір кездері ақын бір жақсысы тілге ерік берген екен, бір жақсысы найзагер мерген екен, бір жақсысы қимаған даланы кең» деп шендестірудің шегіне жеткені бәрімізге белгілі, ақын Қадырдың екі сөзінің бірі қазаққа арналатыны да аян, қазақтың бойындағы мін мен сынды Абайдан кейін жіпке тізіп жеткізген ақынның жекелеген жырларын былай қойғанда кітаптарының атынан да, айдарынан да атамекеннің, атажұрттың желі есіп тұрады, тіпті қазақтардың арқаланып, айбаттанып, қайраттанып қосыла

шырқайтын әні «Атамекен» де – Қадырдың қаламынан туған.

«Көш», «Жерұйық», «Домбыра», «Көкпар», «Ақ отаудың іші-сырты толы – ұлттық ұғым жиһаздары мен жасаулары», «халыққа игіліксіз идеялар қажет емес, көзге шұқитын шындық қажет» деп француз жазушысы Антуан де Ривароль айтса айтқандай Қадыр жырлары – қазақ өмірі мен шындығының шежіресі, ал афоризмдері болса, шындықтың шиыры, ақын афоризмінде де қазақтың қазіргі өмірі мен келешегі құс жолындай сайрап жатыр. «Құстар ғана сатусыз сайрайды» деп Федор Шаляпин меңзегендей, ақынның айтқаны да, айтпағы да – шексіз, шетсіз кең далаға «дала айдарын» бейнелеуге бағытталады, сал сахара самалымен тыныстаған туыстарымыздың құлқын кейіптейді, ақын афоризмдерінен адамдақтың әліппесінен бастап қыл көпірге дейінгі аралық толық, тұтас және тегіс қамтылады. «Көзі тірісінде жазылып, өмірден озған соң жарық көрген ақын афоризмдерінің басты бір ерекшелігі де – ұлттық ұстанымында, мәселен, «қой қонақ үшін семіреді», «жылқы – ұрынікі, құлқын – ірінікі» болмаса «тайқазанның тасығысы кеп тұрады». Қай елдің қойы қонақ үшін семіреді, әрине – қазақтікі, қай елдің жылқысы ұрлық үшін бағылады, әлбетте – қазақтікі, тасығысы келетін тайқазан кімдікі, иншалла – қазақтікі. «Қой қонақ үшін семіреді» деп нағыз ұлт ақыны ғана айта алар еді, ұрланған жылқының артында мал дауы, жан дауы, жесір дауы тұр, болмаса бір сөзбен айтқанда барымтаның құрығы қылтияды, ал тайқазанға толтырып қай халық ет асады екен, тағы да қазақ жапан дала-жаратқанның жайлауы депті Оноре де Бальзак, ал Қадырдың қыстауы да, жайлауы да, көктеуі де, күзегі де – қазақтың ойы мен қыры, қыры мен ойында отырған – қазақ деген халық сол халықтың мінез-құлқы, мәнер-машығы, жүріс-тұрысы, күнделікті қам-қаракеті – афоризмдер айдыны. Тақырыптық тұрғыдан таразыға тартсақ алдымен ел, онан кейінгі кезекті тіл, адамдық пен ақиқат, арман мен ақыл, байлық пен билік, дос пен қас, қонақ пен дастархан болып жайылып кете береді, кете береді. Алдымен айтарымыз ақынның көзі тірісінде тұтастай өлең шумақтары қанатты сөздерге айналып кеткен, «адам боп оңай туғанмен, адам боп қалу көп қиын», «қайда жүрсең атамекен – көкейінде жатады екен» афоризм емей немене, жұрт жүрегінде қыстап қалған қыруар қазынаның қайсыбірін тауысасың, біздің айтпағымыз бұл емес, Қадыр афоризмдерінің мән-маңызы туралы, тақырып табиғаты туралы бір-екі ауыз түйінді тарқату.

Алдымен, ақынның афоризмдерін өміршең өлеңдерінен бөліп қарауға болмайды, ақын жырларының қос қанатының бірі – ақиқат болса, екіншісі – ақиқаттың астары, ал ақиқаттың астары – афоризмдер. Ақынның қай өлеңін алып қарасақ та, ең соңғы жолдарында батыл байламдары, оқшау ойлары, өзгеше өрнектері, келісті кестелері, қилы құпиялары күтіп тұрады. Поль Валеридің пайымдауынша «екі сөздің бірін таңдағанда, қысқасына қол созған абзал».

Ақын афоризмдерінің құрылымы да көбінесе егіз ұйқасқа негізделгені өз алдына басты кейіпкері де, қосшы кейіпкері де – қазақ. Генрих Гейнениң пікірінше «Ұлы ақындардың шығармаларында қосалқы кейіпкерлер болмайды,

барлығы басты кейіпкер болып саналады, сол сықылды Қадыр ақынның көз ашқалы көргені – қазақ, сенгені – қазақ, ергені – қазақ, шеңбері – қазақ». «Айдарымнан сипап өткен самалды, қазағымның алақаны деп білем» деп өзі жеріне жеткізе жырлағандай, ұлт ақынының ұлы мұраларын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Афоризмдер – Қадыр ақындығының түстеніп кеткен тұстары ғана деп түсінгеніміз тиімдірек. Ақын афоризмдері – ұлтымыздың ұлағаты мен ұстанымының, ерекшелігі мен көркемдігінің, табиғаты мен тұлғасының түрегеліп тұрып тұскен суреті, үнсіз-тілсіз сурет емес, қимыл-қозғалыстағы алуан әрекеттегі – алты алаштың автотортреті.

### Әдебиеттер

- 1 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2013. – 384 б.
- 2 Ян Парандовский. Алхимия слова. – М.: Правда, 1990. – 656 с.
- 3 Абай. Шығармалар жинағы, Екі томдық. – А., 1989.
- 4 Большая книга афоризмов. – М., 2012, ЭСКМО, 1056 с.
- 5 Қадыр Мырза әлі. Афоризмдер. – Алматы: Өлке, 2011. – 628 б.
- 6 Цветаева М. Собрание сочинений в двух томах, Т.2,4. – 1988. – 639 с.
- 7 Ғамзатов Р. Дағыстаным. – М., 1968. – 442 б.
- 8 Әл-Фараби. Логикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 529 б.
- 9 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1961. – 390 б.
- 10 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1983. – 456 б.
- 11 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1969. – 1 том. – 418 б.
- 12 Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы, 1993. – 128 б.
- 13 Қазақ мақал-мәтелдері, 1983, 234б.
- 14 Чехов А.П. Шығармалар. – М., 1967. – 394 б.
- 15 Алтынсарин Ы. Таңдамалы. – Алматы, 1955. – 279 б.

### References

- 1 Zhumabaev M. Shygarmalar zhinagy. Almaty. «Olke» baspasy. 2013.
- 2 Ian Parandovskii. Alhimia slova, M. izd-vo «Pravda». 1990, 656 b.
- 3 Abai. Shygarmalar zhinagy, eki tomdyk, Almaty.1989.
- 4 Bol'shaia kniga aforizmov, M, 2012, ESKMO, 1056 str.
- 5 Kadyr Myrza Ali, Aforizmder, A, Olke, 2011, 628 b.
- 6 Svetaeva M. Sobranie sochinenii v dvux tomax, T.2.4. 1988. 639 s.
- 7 Gamzatov R. Dagystanym, M, 1968. 442 b.
- 8 Al-Farabi, Logikalyk traktattar. Almaty. 1975, 529 b.
- 9 Ualihanov Sh. Tandamaly shygarmalar. Almaty. 1961, 390 b.
- 10 Kabdолоv Z. Tandamaly shygarmalar, Almaty, 1983, 456 b.
- 11 Kazak tilinin tusindirme sozdigi, Almaty, 1969, 418 b.
- 12 Omiraliev K. Abai aforizmi. Almaty. 1993, 128 b.
- 13 Kazak makal-matelderi, 1983, 234 b.
- 14 Chehov A.P. Shygarmalar. M. 1967, 394 b.
- 15 Altynsarin Y. Tandamaly, Almaty. 1955, 279 b.